

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі мен Қытай Халық Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі арасындағы денсаулық сақтау және медициналық ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы

Келісім, Астана қ., 2001 жылғы 12 қыркүйекте

*** 2001 жылғы 12 қыркүйекте күшіне енді.**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі мен Қытай Халық Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі денсаулық сақтау және медициналық ғылым саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге тілек білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық денсаулық сақтау жүйелерін одан әрі жетілдіру мүдделері жолында денсаулық сақтау және медициналық ғылым саласындағы ынтымақтастықты теңдік және өзара тиімділік негізінде дамытатын болады.

2-бап

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің денсаулық сақтау ұйымдарының, ғылыми-зерттеу және медициналық институттарының арасында тікелей ынтымақтастық орнатуға ықпал етеді.

3-бап

Тараптар денсаулық сақтау мен медицинаның мынадай салаларында ынтымақтастықты дамытатын болады:

- дәстүрлі медицина;
- денсаулық сақтаудың экономикасы;
- ана мен нәресте денсаулығын сақтау;
- фармацевция;
- эпидемиология;
- медициналық ғылым;
- медициналық, оқытушылық және ғылыми кадрларды даярлау және олардың біліктілігін көтеру.

Тараптар мемлекеттерінің аумақтарындағы жұқпалы аурулардың жай-күйі туралы,

сондай-ақ карантиндік жұқпалы аурулар тіркелген жағдайларда жедел ақпарат алмасатын болады.

Тараптар Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы арқылы эпидемиологиялық және радиациялық қауіпті жүктерді тасымалдау туралы, сондай-ақ жұқпалы аурулардың таралу қаупі жағдайларында бір-бірін хабардар ететін болады.

Тараптар екінші Тараптың аумағында жұқпалы аурулардың ауқымды таралулары, радиациялық апаттар және Тараптар мемлекеттері халқының денсаулығына зиян келтіруге әкеліп соққан басқа да жағдайлар туындаған жағдайда Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес өзара көмек көрсетеді.

4-бап

Тараптардың арасындағы ынтымақтастық мынадай нысандарда жүзеге асырылатын болады :

- бірлескен ғылыми зерттеулерді жүргізу;
- сарапшылармен және мамандармен алмасу;
- Тараптардың заңнамаларында белгіленген тәртіппен беруші Тараптың мемлекеттік және өзге де заңмен қорғалатын құпиясын құрайтын ақпараттарды есептемегенде, басқа ғылыми зерттеулер саласындағы ұсыныстарды, ғылым жетістіктері мен жаңа ашылымдарды қоса алғанда, денсаулық сақтау мен медицина саласындағы ақпарат алмасу;
- өзара мүдделілік білдірілетін тақырыптар бойынша ғылыми кеңестерді, семинарларды және жұмыс бабындағы кездесулерді бірлесіп ұйымдастыру;
- екінші Тарап өткізетін халықаралық ғылыми кеңестерге сарапшылар жіберу.

5-бап

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында олардың 15 аптаға дейінгі жалпы кезеңде білім алу курстарынан өтуі үшін мамандармен және сарапшылармен алмасатын болады. Жіберуші Тарап екінші Тарапқа мамандар мен сарапшыларды жіберерден 3 ай бұрын мамандардың жеке деректерін, атқаратын қызметі туралы ақпаратты ұсынады, жіберілгендігі және шет тілдерін меңгергендігі туралы ұсыныстардан хабардар етеді. Қабылдаушы Тарап курстардың ету уақыты мен орыны туралы хабарлайтын болады.

6-бап

Тараптар екінші Тарап мемлекетінің аумағына Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес пациенттерді (науқастарды) консультациялар алу және емделу үшін жібере алады. Барлық шығыстарды жіберуші Тарап көтеретін болады.

7-бап

Тараптар өздері қатысушылары болып табылатын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және басқа да халықаралық ұйымдар өткізетін қызмет шеңберінде ынтымақтасады.

8-бап

Қабылдаушы Тарап осы Келісімнің ережелеріне сәйкес екінші Тарап жіберетін адамдарға, олар қабылдаушы Тарап мемлекетінің аумағында болатын кезеңде кенеттен ауырған немесе бақытсыздыққа ұшыраған жағдайда уақытша болатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес тегін медициналық қажетті қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында ынтымақтастықтың нақты бағыттары мен нысандарын белгілеу, сондай-ақ осы Келісімнің іске асырылуына бақылау жасау үшін Тараптар сарапшылардың тұрақты жұмыс тобын құрады. Жұмыс тобы ара-тұра Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында алма-кезек мәжілістер өткізетін болады.

10-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде немесе қолдануда келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер немесе консультациялар арқылы шешетін болады.

11-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылады.

12-бап

Осы Келісім қол қойылған кезден бастап күшіне енеді. Осы Келісім бес жыл бойы қолданыста болады және егер Тараптардың бірі осы Келісім қолданысының тиісті кезеңі аяқталардан алты ай бұрын екінші Тарапқа оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламаса, келесі бесжылдық кезеңдерге өздігінен ұзартылатын болады.

Астана қаласында 2001 жылдың 12 қыркүйегінде әрқайсысы қазақ, қытай, орыс және ағылшын тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

(Қолдары)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК